

ЕСІТІНДІ ТҮЗЕ!

Сынақ

2011 жылдың қазан айында "ІТ-ПЛАНЕТА 2011-2012" ақпараттық технологиялар саласындағы халықаралық студенттік олимпиада басталған болатын. Оған Ресей, Украина, Қазақстан, Беларусь және Өзбекстан мемлекеттерінен 10 000-нан астам студент қатысты. Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің ақпараттық технологиялар факультетінің үш студенті жүлделі орындарға ие болды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР ОЛИМПИАДАСЫ – жаңа мүмкіндіктер көкжиегі



**Ләйла ЖАНЫСОВА,
"Солтүстік Қазақстан".**

Олимпиаданың бірінші сырттай кезеңінде on-line-тестілеуден өту арқылы қатысушылардың ақпараттық технологияларды білу деңгейлері сыналды және қазылар алқасының талқысына олардың әзірлеген инновациялық бағдарламалар өнімдері, шығармашылық жұмыстары, жеке жобалары ұсынылды. Қазақстан бойынша сырттай кезеңге еліміздің 70 жоғары оқу орнынан мыңға жуық студент қатысты. Оның 131-і іріктеу кезеңіне өтіп, Алматы, Астана және Өскемен қалаларында өткен екінші айналымға жолдама алды. Соның ішінде СҚМУ-дің "Білім беру информатикасы" мамандығының төртінші курс студенттері Владислав Кине мен Сергей Цеподой және "Ақпараттық жүйе" мамандығы бойынша үшінші курста оқитын Светлана Маракова Өскемен қаласында өткен іріктеу кезеңіне қатысты.

– Біздің сайыскер студенттеріміз 4 сағат бойы бірнеше тармақтан тұратын тапсырмалармен жұмыс істеген. Нәтижесінде Владислав, Сергей және Светлана Қазақстан Республикасындағы "ІТ-ПЛАНЕТА 2011-2012" халықаралық сту-

денттер олимпиадасының ақпараттық технологиялар саласы бойынша өзгелерден оқ бойы оза шауып, финалға шықты. Сергей Цеподой – үшінші, Светлана Маракова екінші орындарды жеңіп алды. Студенттердің жоғары көрсеткішке жетулеріне ақпараттық технологиялар факультеті оқытушыларының кәсіби шеберлігі мен университеттің материалдық базасының мықтылығы да ықпалын тигізді. Жүлдегерлерге жетекшілік жасаған ақпараттық жүйе кафедрасының оқытушысы Николай Леонов студенттерді халықаралық олимпиадаға тартуға белсенді қатысқаны үшін мақтау қағазын алды, – дейді СҚМУ ақпараттық жүйе кафедрасының меңгерушісі, техника ғылымының кандидаты Елена Шевчук.

Владислав, Сергей және Светлана болашағынан үміт күттіретін студенттер базасына енген. Олар енді Қазақстанның маңдайалды жұмыс берушілеріне ұсынылатын болады. ІТ-Олимпиаданың 200-ден астам серіктес-компаниялары аталмыш студенттер базасына еркін өңе алады. Бұл болашақ мамандардың өндірістік тәжірибеден өтуіне, кейін жұмысқа орналасуына, қызығушылығына қарай ұсыныс алуына мүмкіндік береді.